

А.Р. Бижанова*
Г.Ж. Османова
Қ. Тұрлыханқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Алматы қ., Қазақстан
(E-mail: Aike_74@mail.ru1)

Қылмыстық жаза, оның мақсаттары жайлы

Аңдатпа. Қылмыстық жазалау мәселелері жылдар бойы қылмыстық істі жүргізу органдары мен пенитенциарлық жүйенің практикалық қызметкерлерін, ғалымдарды ғана емес, жалпы қоғамның назарында болып келеді. Жаза - мемлекеттік қылмыстық саясатты жүргізудің жетекші құралдарының бірі, көп жағдайда қылмыстық заңнамаға жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді. Жазаның көмегімен қылмыстық жауаптылық жүзеге асырылады да.

Жаза институтының тиімділігі мен маңыздылығы сол, ол кінәлінің жеке басына, оның іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігіне сай келетін әділ жаза тағайындауға мүмкіндік береді. Осы жағдайда ғана қылмыстық жазаны мәжбүрлеудің құқықтық шарасы ретінде танымыз.

Шын мәнісінде, жазаны қылмыстық заңнамада көзделген мақсатқа сай емес, оны қорқытып-үркіту үшін заң шығару мен құқық қолдану іс-тәжірибесінде қолдану тенденциясының қоғамда кеңінен орын алуы, көпшілікті алаңдатады.

Осы тұста автор мақалада жазаның мақсатын негізге ала отырып, қылмыстық жаза жүйесіне қатысты кейбір сұрақтарға тоқталады.

Кілт сөздер: қылмыстық жаза, жаза түсінігі, жаза мақсаты, жаза институтының тарихы, бас бостандығынан айыру, айыптұл.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-139-2-88-99>

Кіріспе

Қылмыстық жаза - маңызды мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының бірі, ол бір жағынан, мемлекеттің өткір қаруы, екінші жағынан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, меншікті, саяси, экономикалық және басқа да маңызды қоғамдық қатынастарды қорғаудың тиімді құралы болып табылады [1, 3 б.].

Қылмыстық заң жазаның көмегімен адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін, адамзаттың қауіпсіздігі

мен бейбітшілікті, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, сонымен қатар, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды ұстанады [2].

Жаза қылмыстық құқық бұзушылықтарға әсер ету жүйесінің ең қажетті элементі ретінде кінәлі тұлғаны түзеуге, қайта тәрбиелеуге, жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың алдын алуға қызмет етеді.

Жазаның көмегімен тұлға мәжбүрлеп тәрбиеленеді. Сана сезімі ояу, көзі ашық, ой өрісі кең саналы адамдармен ғана қылмыстық құқық бұзушылықтарға мүмкіндігінше жол берілмейді, ал бұл азаматтық қоғамға тән жағдай.

Алайда, заң шығару практикасы мен қылмыстық жауаптылық шараларын қолдану практикасы заңмен белгіленген мақсаттарға сәйкес келе ме, жоқ па? Мәжбүрлеу шарасы ретінде жазаның мәні, тәжірибелік маңызы жазаның мақсатына қолжеткізу арқылы қамтамасыз етіледі ма, ол мүмкін бе? деген сауалдар соңғы уақытта көпшілікті алаңдатып отыр. Аталған мақсаттарға жету үшін заң шығарушы мен қылмыстық сот төрелігі қандай құралдарды қолданады екен? Бірақ өкінішке орай, әдеттегі қоғамдық пікір заң шығарушылардың ұстанымдарына және соттардың үкімдеріне әсер етеді. Олардың қылмыспен күресте қорқыту деген ұстаныммен әрекет етуі, әрине қынжылтады [3, 92-101 бб.].

Елімізде соңғы уақытта 2030 жылға дейінгі құқықтық тұжырымдама қабылданып, қылмыстылықпен күрес саласында мемлекеттік саясат нақтыланған болатын. Тұжырымдамада, жазалардың жекелеген түрлерінің мазмұнына енгізілген өзгерістерді ескеріп, жазалау жүйесін қайта қарау міндеті жүктелінген еді [4].

Зерттеу тәсілдері

Зерттеудің әдіснамалық негізін диалектика құрайды. Мақалада формальды-логикалық, тарихи, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Тарихи әдісті қолдану қылмыстық құқықтағы жаза институтының пайда болуы мен даму кезеңдерін, сондай-ақ заңдылықтарын анықтауға, ал салыстырмалы-құқықтық әдіс отандық қылмыстық жазаларға баға беруге мүмкіндік берді. Статистикалық әдістің көмегімен жазаның іс-тәжірибеде қолданылу жағдайы сипатталды.

Талқылау

Жаза туралы қылмыстық құқық теориялары ұзақ тарихи даму кезеңінен өтті. Олардың

алғашқыларының қатарына жазалау-кек алу теориясын жатқызамыз. Көне заңдарда жазалау формулалары ретінде «қанға қан» және Құдайдың алдында кінәсін жуу (діни аспектідегі жазалау-кек алу теориясы), қалпына келтіру теориялары (Георг Вильгельм Фридрих Гегель ұсынған) қаралады.

Қорқыту теориясы ежелгі заңдарда, Digest-те, ортағасырлық кодекстерде, әйгілі Каролинада бейнеленген. Патша Алексей Михайловичтің 1649 ж. соборлық ережесіндегі жазаның қатаң болғандығы соншалықты, өзге адамдарға қолсұқпас, не өзге қылмыскерге еліктемес бұрын қылмыскердің өзі тағайындалатын жазадан қорқып-үрейленетін болған деседі.

Уақыт өте келе жазаға қатысты көзқарас басқаша бағыт алады. Классикалық қылмыстық құқық мектебінің негізін қалаушысының (Чезаре Беккариа мен оның ізбасарларының еңбектерінде) келесідей постулаттары көпшілікке белгілі [5, 106 б.]:

«Жазаның ауырлығы қылмыстың ауырлығына байланысты болуы керек».

«Жазаның мақсаты - азаптау және адамға азап шегу емес... Жазаның мақсаты - өз отандастарына зиян келтіретін қылмыскердің жаңа әрекеттерінің алдын алу және басқаларды осындай әрекеттерден аулақ ұстаудан басқа ештеңе емес».

«Жасалған қылмыс үшін жаза неғұрлым тез тағайындалып, оған неғұрлым жақын болса, соғұрлым әділ және тиімді болады».

Чезаре Беккарианың 1764 жылғы «Қылмыстар мен жазалар туралы» атты еңбегінде француз ағартушылары-энциклопедистерінің философиялық көзқарастары құқықтық қағидатқа айналды және олар күні бүгінге дейін маңыздылығын жойған емес.

Жаза институтының мәнін түсінуде оның әлеуметтік сипатын ұғынудың маңызы зор. Қылмыстық құқықта «Әлеуметтік қорғау идеясының» негізін бельгиялық ғалым Адольф Принст қалаған (1910 ж.). А. Принстің пікірінше, классикалық қылмыстық құқық мектебіне тән моральдық жауаптылық идеясы қоғамның тиімді қорғалуын қамтамасыз ете алмайды, өйткені бұл идеяға сүйеніп қылмыстық сот төрелігіне қолжеткізу қиын, яғни ол қылмыскерді оның моральдық кінәсіне сәйкес жа-

залауды жүктейді. А. Принс моральдық жауаптылық критерийін қылмыскердің қауіпті жағдайы критерийіне ауыстыруды ұсынады. Автордың әлеуметтік қорғау доктринасының басты идеясы - қауіпті қылмыскерлерді қатаң режимге бағындыру және зиян келтірудегі бар мүмкіндігінен айыру, бейтараптандыру үшін оқшаулау [6, 67 б.] болып табылады. Осы теорияға сәйкес, XIX және XX ғғ. қылмыстық заңнамалардағы жаза жүйесіне өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы енген еді.

Ұзақ жылдар бойы қылмыстық құқықта жазаның мәні кек алу идеясы тұрғысынан қаралды. Жазадағы сазайын тарттыру (кара) сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуде немесе айыруда көрініс табады [7, 127 б.].

Алайда, бұлай жалғаса бермейтіні анық еді. Кейінен оған қатысты пікір-таластар туындады. Мысалы М.Д. Шаргородский, жазалауды қылмыстық жазаның мақсатына емес, оның мазмұнына немесе мәніне жатқызу керек, деп есептеді [8, 6-7 бб.]. Осы пікірді А.П. Ременсон, А.Ф. Мицкевич те қолдады [9, 19 б.]. М.Д. Шаргородский жазаның мазмұнына жазадан басқа жазалау сипатынан айырылған мәжбүрлеу элементтерін, яғни сотталғандарды түзеу құралдарын жатқызған [10, 31 б.]. Аталған көзқарастың туындауына сол уақыттағы заңнамада жазаны тек жазалау түрінде ғана емес, өзге де шаралар ретінде тануы себеп болған. Тәрбиелеу шарасының әлеуметтік табиғаты жазаның мазмұнын құрмайды деген сын-пікірлер сол кездегі әдебиеттерде кездесті (А.И. Чучаев) [11, 59 б.].

Кейбір заманауи ғылыми еңбектерде жазаның мақсатын жазалау деп есептейтіндерді әлі де кездестіре аламыз. Мысалы Н.А. Стручков: Жаза – бұл жазалау, ол өзі жазалап, өзі тәрбиелейді, деп келтіреді [12, 59 б.]. Ал Б.К. Дуюновтың пайымдауынша: Біз жазалауды қылмыстық жазаның мәні, оның мазмұнының бір элементі және оның бір функциясы деп есептей отырып, жазалауды жазаның бір мақсаты деген идеяға қарсы келіп тұрған жоқпыз [13, 165 б.] дей келіп, қылмыстық құқықта жазалау - бұл кек алу, сазайын тарттыру не санкцияны қаталдатуын талап ету емес, ол әділдік-

ті қамтамасыз ету, кінәліні түзеу және жаңа қылмыстардың алдын алу мақсатында қылмысты жасағаны үшін кінәліге заңмен қарастырылған жағымсыз зардаптарды (соттау және, қажет болған ретте, қандай да бір құқықтық шектеулер) қолдану түріндегі әділеттіліктің өркениетті шарасы [13, 24 б.], деп түсінген. Алайда авторлардың басым көпшілігі жазалауды жазаның мақсаты да, функциясы деп те есептемейді.

Уақыт өте ғалымдар жазалау-кек алу теориясын дамыта отырып, қылмыстың қоғамдық қауіптілігіне, оның ауырлығына сәйкес, жауаптылықты дифференциациялаудың және жаза тағайындау кезінде жауаптылықты даралау қажеттілігі туралы маңызды тұжырымға келді.

Қылмыстық жазаны түсінудің заманауи тәсілі адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың көптеген шешімдеріне негізделеді. Онда жазаның мақсаты компенсаторлық (шығынын өтейтіндей) емес, тежеуші және жазалау (карательной) сипатына ие болуы керек және бұл қылмыстық жазаның әдеттегі ерекшелігі, деп бірнеше рет айтылады [14, 534-536 бб.].

Жаза қылмыстық құқықтың негізін құраушы элементтің бірі бола тұра тоталитарлық жүйедегі заңда қылмысқа түсінік берілмеді (1959 ж. ҚазСРО ҚК-і). Заң шығарушы бұл ҚК-те жазаның түсінігіне емес, мақсатына қатысты норма арнады. «Жаза» ұғымына алғаш түсінік 1997 жылғы ҚР ҚК-де берілді, бұл норма 2014 жылғы қылмыстық заңнамада сақталды.

Қылмыстық құқықта жазаның мазмұны мен мәнін жазаның белгілерінің көмегімен анықтауға тырысады. Авторлардың ұстанған бағыттарына қарай жазаның белгілерінің саны әртүрлі болады. Қылмыстық құқықта кеңінен қалыптасқан пікірлерге сүйенсек, жазаның келесідей түрлері мәлім: 1) мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы; 2) қылмыстық іс-әрекеті үшін кінәлі деп танылған тұлғаға тағайындалады; 3) соттың үкімімен және мемлекеттің атынан тағайындалады; 4) құқықтар мен бостандықтарын шектейді не айырады; 5) қатал жеке сипатқа ие.

Қылмыстық жаза қылмыстық іс-әрекеттер үшін қылмыскердің кінәсін бетіне басатын теріс құқықтық баға болып табылады. Бетке басу және кінәлау дәрежесі қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығына, кінәлінің жеке басына және істің мән-жайына тікелей байланысты.

Жаза - жасалған құқыққа қайшы іс-әрекеттер үшін тағылатын айып. Оны кінәліге тәртіпті бұзғаны, ережелерді орындамағаны, қоғамға қауіп келтіргені, адамдарға зиян тигізгені үшін қолданады. Жаза - сот үкімі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп танылған адамдарға қатысты қолданылатын мәжбүрлеу шарасы.

Мемлекеттік күштеу шаралары сан алуан. Оларға тек қылмыстық құқықтық қана емес, азаматтық, әкімшілік, тәртіптік шаралар да жатады. Қылмыстық шара мемлекеттік күштеу шараларының жеке бір түрі ретінде жекеленген ерекшеліктерге ие және қылмыстық заңмен ғана белгіленеді.

Қылмыстық кодексте жазаның сот үшін міндетті тізбектері мен оны қолданудың тәртібі тұжырымдалған. Сот қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәліні қылмыстық заңда көрсетілген шараның шеңберінде, шегінен шықпай, жазалайды. Тек ерекше жағдайларда ғана сот көрсетілгеннен гөрі неғұрлым жеңілірек жаза тағайындауға құқылы. Заңда көрсетілген тәртіппен сотталған адамды жазадан босату, сондай-ақ тағайындаған қылмыстық жазаны жеңілдету сотқа тиесілі. Тек рақымшылық немесе кешірім беру актілерімен жазадан босату немесе жазаны жеңілдету ҚР Конституциясына сәйкес, Парламент немесе Республика Президентімен жүзеге асырылады, ал басқа жағдайларда бұл мәселелерді сот шешуге міндетті. Қылмыстық жазаның басқа мемлекеттік күштеу шараларынан бұл бір өзгешелік.

Қылмыстық жаза институты жариялы түрде ашықтан-ашық түсіндіріледі. Яғни, жаза адамның кінәсін анықтай отырып, жеке немесе заңды тұлғалар арқылы емес мемлекетпен жария түрде белгіленеді. Қылмыстық жаза кінәлі адамға мемлекет атынан белгіленеді, жеке немесе лауазымды адамдар сот тағайын-

даған жазадан ешкім де босата алмайды, заңды күшіне енген сот үкімі мемлекеттік, жеке кәсіпорын, ұйым, мекеме, лауазымды және жай адамдардың орындауы үшін Республика аумағында міндетті болып табылады.

Мемлекеттік күштеу шаралары ретінде қылмыстық заңда көрсетілген жаза институтын нақты қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған кінәлі адамға қолданады. Бұл жерде жаза кінәлі түрде жасалған іс-әрекетінің қылмыстық құқықтық нәтижесі болып саналады. Қылмыстық заңда «адам кінәсі анықталған қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік және туындаған қоғамға қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс», - делінген. Сондай-ақ әрбір қылмыстық іс-әрекет үшін жазаның тағайындалуы шарт бола бермейді. Қылмыстық жаза кінәліні азаматтық, әкімшілік немесе тәртіптік құқықтық жауапкершілік түрінде тартумен де ұштасуы мүмкін.

Отандық қылмыстық заңнамаға сай, жазаның мақсаттары мынадай:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Кінәлі адамға жазаны қолдану, ол қылмыстық әрекет жасау нәтижесінде бұзылған жеке және қоғамдық мүдделерді қалпына келтіруді және қол сұғу объектісіне келтірілген зиянды өтеуді білдіреді;

ә) сотталушыны түзеу. Бұл мақсат кінәлінің теріс көзқарасын өзгертуге бағытталады. Тұлға басқа жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасамай, қылмыстық заңның сақталуының қажеттілігін сезіне бастауы оның түзелуіне қол жеткізіле басталғандығы;

б) жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалуының алдын алу. Бұл мақсатқа әрбір нақты қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық бекітуді, жаза тағайындау мен оның бұлтартпай орындалуын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі. Жазамен сескендіру адамдардың санасы мен әрекетіне әсер етеді.

Заң шығарушы қылмыстық жазаның мақсаты ретінде сотталушының түзелуін көрсеткенімен де оны іс-тәжірибеде қамтамасыз ету тиісті нәтиже бере бермейді. Қауіпсіздік мекемелерінде бірнеше жылын өткізген сотталған

адамның қоғамдық ортаға оралуы, түзелуі, тәрбиеленуі мүмкіндігі аз. Егер практикада қылмыстың қайталануы фактісін ескерсек, онда қылмыстық жазаны қолданудағы басты мақсатқа қолжеткізілмей, сотталғандарды босатып жіберген (сотпен тағайындалған жаза мерзімі аяқталуымен, сотталған адамның жазасын өтеп шығуымен) болып шығады. Сондықтан да қылмыскерді тәрбиелей отырып, олардың түзелуін жазаның мақсаты ретінде түсінбей, оны қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қажетті шара деп түсінген дұрыс болар еді.

Бұл пайымдауды Чезаре Беккарианың келесідей сөздерімен нақтылауға болады: Қылмыскердің отандастарына зиян келтіретін жаңа әрекеттерінің алдын алу ғана емес, басқалардың осындай әрекеттерді жасауына жол бермеуден басқа ештеңе де жазаның мақсаты бола алмайды, сондықтан жаза адамдардың жан дүниесіне неғұрлым күшті және ұзақ әсер қалдыратын және қылмыскерге айтарлықтай физикалық азап келтірмейтіндей, жасалған қылмысқа барабар болуы тиіс [5, 106 б.].

Қылмыстық жаза мемлекеттік күштеу шараларының және мемлекеттің қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізуші құралдардың бірі ретінде қолданылады. Мемлекет бұл күресте ұйымдастырушылық, тәрбиелік, экономикалық, рухани шаралардың барлық түрін кеңінен қолданады, сөйтіп қылмыстық құқық бұзушылықтан сақтандыру мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Жас тәуелсіз мемлекетіміз бұл құбылысқа қарсы аталған күресті экономикалық, ұйымдастыру, тәрбиелік шараларды, қоғам мүшелерінің белсенділігін, олардың құқықтық сана сезімін жетілдіру арқылы жүргізеді.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде қылмыстық жаза институты қылмыскерге ықпал етудің әдісі де. Бұл оның мәні мен мазмұнымен байланысты проблеманы талдаудың әдістемелік жолын анықтап алу үшін қажет.

2014 жылғы қылмыстық заңнамада жаза жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Жаза жүйесінде қылмысқа және қылмыстық теріске қатысты негізгі және қосымша жаза түрлері белгіленді.

Жазаларды топтастыра, орынды үйлестіре отырып, дұрыс қолдану жазаны жекелеңдіру қағидасының жүзеге асырылуына, алға қойған мақсатқа нәтижелі жетуге септігін тигізері белгілі. Сот жаза тағайындағанда кінәлінің жауаптылығын даралаңдыру қағидаты негізінде басшылыққа алады. Мұндағы, жазаның мақсатқа лайықтылығы – сот тағайындаған мәжбүрлеу шарасының сотталған адамға оң ықпал етуінің талаптары дегенді білдіреді. Тұлғалардың қылмыстық жолға қайта бармауы тағайындалған жазалардың лайықты болғанын растайды. Енді іс-тәжірибедегі оның жайын білу үшін соңғы жылдардағы статистикалық деректерге сүйеніп көрейік.

Деректерге сүйенсек, қоғамнан изоляцияланып, изоляцияланбай сотталғандардың қайтадан қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарының көрсеткіштері төмендегідей:

2015ж. қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайталаған тұлғалар 16,3%-ға, 2016 ж. - 32,3%, 2017 ж. - 35%, 2018 ж. - 39%, 2019 ж. - 42,1%, 2020 ж. - 42,4%-ға тең. Ал енді рецидивист деп танылған адамдар саны 2015 ж. - 157, 2016 ж. - 573, 2017 ж. - 812, 2018 ж. - 779, 2019 ж. - 708, 2020 ж. – 904 болған [15]. Яғни, 2015-2020 жылдар аралығында қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасағандар саны жүйелі түрде өсіп отырған.

Ал енді сотталғандардың санына қатысты мәліметтерге келсек, кішкене қызығырақ. Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері түрме халқының саны бойынша АҚШ пен Ресейден кейін әлемде 3-ші орын алып келген. Яғни әрбір жетінші отбасына бір бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адам тура келген деген сөз. Кейін құқықтық реформалау барысында біртіндеп репрессивтілік төмендетіліп, сотталғандар саны біршама азайған болатын. Нәтижесінде, 1991 - 2017 жылдарда түрме халқының саны бойынша Қазақстан әлемде үшінші орыннан 67 орынға түскен. Сәйкесінше, елімізде сегіз бас бостандығынан айыру орындары жабылып, бұл бюджетке 12 миллиард теңге үнемделді. Бас бостандығынан айыру орындарында 29 913 адам бар. Сондай-ақ ескі типтегі тағы төрт колонияны жабу жоспарланып отырғаны туралы ОКҚ брифингінде баяндалған болатын [16, 327 б.].

Кейбір авторлар аталған жағдайды: Пени-тенциарлық мекемелерде ұсталатын адамдар санын қысқартуға негізінен механикалық тәсілмен – белгілі бір санаттағы сотталғандарға қатысты рақымшылық актісін бірнеше рет қолдану жолымен қол жеткізілді. Арнайы контингенттің саны елдің Қылмыстық саясатының ізгілендіру бағытындағы түбегейлі өзгерістері арқылы емес, іс жүзінде жазаны өтеуден босатудың бір түрі болып табылатын рақымшылықты қолдану нәтижесінде азайып отыр [16, 327 б.], деп бағалады.

Соңғы жылдары қылмысты алғаш рет жасаған, абайсызда және қоғамға қауіп төндірмейтін адамдарға қатысты қылмыстық заңның репрессивтілігі айтарлықтай төмендеді. ҚР ҚК-нің 39-бабы бойынша шығын екі есе ұлғайтылса, 32-бап бойынша бас бостандығынан айыру мерзімі қысқартылған. 2018 жылы алғаш рет аса ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға баламалы жаза ретінде қоғамдық жұмыстар 247 адамға, ауыр қылмыстар үшін бас бостандығын шектеу 12 адамға тағайындалған, ал 216 адам қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге ауыстырылған болатын [17].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы (жоғарылаған) мен бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар саны (төмендеген) жайлы статистикалық деректерге берілген бағадан соң, қазіргі қылмыстық жаза жүйесі сотталғандарға қаншалықты тиімді ықпал ете алады екен? деген сұрақ туындайды. Осы тұста Д.С. Чукмаитов: Қоғамдық сананы модернизациялаудың бір бағыты ретінде қылмыстық жазаға байланысты қоғамдық сананы өзгерту қажет, қатал жаза, өлім жазасы, ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру қылмыстылықпен күрес мәселесін түпкілікті өзгерте алмайды. Өлім жазасына мораторийдің жариялануымен жазаның қаталдығы қылмыстылықтың өсуі жағдайына тәуелді емес екендігіне, бірақ онсыз да мәселені шешу мүмкін емес болып тұрғандығына көзжеткіздік. Біз лажсыздан қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қылмыскерлерді қоғамнан оқшалауға, қоғамды криминализациялаудан

сақтауға мәжбүрміз, бірақ та біртіндеп жазалау шарасы жолын қылмыстылықтың алдын алуға беруі тиіс, деген пікір білдіреді [18, 132 б.].

Мұнда автор өлім жазасы мен бас бостандығынан айыру жазаларын қолдану тиімді нәтиже бере бермейді деп есептейді. Субъектінің қатыгез қылмыстық іс-әрекетіне қатыгездік таныту – бұл расында да кек алу, бірақ та қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік деңгейі мен қылмыскердің жеке басына тән қасиеттерді ескере отырып, қылмыстық іс-әрекет пен оған белгіленетін жазаны теңгерімге (баланс) келтірудің әділ жазаның өлшемі болатындығын ұмытпаймыз. Парасаттылық, ізгіліктілік таныту өзге мәселе.

Қоғамға аса қауіп келтірмейтін іс-әрекеттер үшін белгіленген бас бостандығынан айыруды қолдануға барынша шектеулер қою, не бас бостандығынан айыру жазасының балама түрін ұсыну сынды шаралар қылмыстық заңнамаларды ізгілендірудің жаңа варианттары саналады.

Соңғы кездері қылмыстық құқықта қоғамдық жұмыстар, бостандықты шектеу, үй қамағы және фрагментті ұстау (фрагментарное заключение) сынды жаңа жаза түрлерін бас бостандығынан айыруға балама жаза ретінде кеңінен қолданады [19]. Мысалы, Т.К. Акимжанов: «Қылмыс құрамын ескере отырып, 63 жастан асқан қарт кісілерге, жүкті әйелдерге, бірінші және екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындамау қажет», деп есептейді [20, 6 б.].

Ал Ж.К. Байбек өзінің еңбегінде бас бостандығынан айыру жазасының балама түрін ұсынады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабын қылмыстық жазалардың жаңа түрлерімен толықтыру мүмкіндігін қарау - жаза тағайындау және қылмыстық жауаптылықты даралаңдырудың неғұрлым дифференциалды жолы болар еді. Мысалы, Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде қолданыста болған, бірақ жаңартылған түрдегі жер аудару (ссылка) және шығарып жіберу (выссылка) сияқты жазалардың түрлерін енгізу. Бұл түрмеге қамаудың балама түрлері саналмақ [21, 9 б.].

Егер бас бостандығынан айыру жазасының балама түрі ретінде жер аудару, не шығарып жіберу жазасын алсақ, онда соңғы жазаны әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдарға қолданылмайды. Бұл жазаны 63 жастан асқан қарт кісілерге, жүкті әйелдерге, бірінші және екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, кәмелетке толмағандарға қолдана алмаймыз. Осыған ұқсас жағдай бас бостандықты шектеуге де кездеседі, онда аталған санаттағы адамдармен қатар, алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды [2]. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қауіптілік деңгейіне қарай кейбір санкцияларда бас бостандығынан айыру жазасына балама ретінде бостандығын шектеу ұсынылады, бұл аталған санаттағы тұлғалар үшін қолайлы. Енді бостандығын шектеу балама ретінде келтірілмеген кейбір санкцияларда тек бас бостандығынан айыру түріндегі жаза баламасыз қолданылуға жатады.

Сипаты бойынша бас бостандықты шектеу бүріндегі жазаға қысқа мерзімге қамау (фрагментарное заключение) өте жақын. Бұл бас бостандығынан айыру жазасын толық емес, тек бір бөлігін ғана (ережеге сай, демалыс күндері) өтеу дегенді білдіреді. Мұндай жүйе сотталған адамның отбасылық және еңбек қатынастарын дұрыс сақтауын қамтамасыз ете алу болып табылады. Аталған жаза Албания, Андорра, Вануату, Зимбабве, Мексика, Португалия, Сальвадор, Сан-Марино, АҚШ (штаттарында), Франция, ЮАР және өзге де елдердің ҚК-де бар.

Осы тұста, ГДР-да заң шығарушысы ҚК-де тек бас бостандығынан айыру мен айыппұл түріндегі екі негізгі жазамен және көлік құралын басқаруға тыйым салу түріндегі қосымша жазаның ғана көмегімен жазалау мәселесін қалай шешіп отыр екен деген ой туады (Бөлім 3. Әрекеттің құқықтық салдары Тарау 1). Сонымен қатар, заң шығарушы ГФР ҚК-нің §61-не сай жазалау процесінде психиатриялық стационарға орналастыру, алкогольге және есірткіге тәуелділіктен емдеуге мамандандырылған емдеу мекемесіне орналастыру, превентивті қорытынды, мінез-құлықты қадағалауды белгілеу, жүргізуші куәлігінен айыру, белгілі бір кәсіби қызметпен айналысуға тыйым салу сынды түзету және қауіпсіздік шараларын қолдану мүмкіндігін қарастырған [22].

Ғылыми еңбекте, бостандықты шектеуді бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза болуы дұрыс емес, қылмыстық санкциялардан бас бостандығынан айырудың баламасы ретінде келтірілген бас бостандығын шектеуді алып тастау керек, себебі қаталдығы, жазаның өтелу жағдайына, жазалау элементтерінің мөлшері бойынша бір-біріне сай келмейді, деп есептейтін пікірлер де кездеседі [23, 48 б.]. Десек те, негізгі жазаның балама түрі аталған қағидаттарға әр кез сай келе бермейтіндігін шетел тәжірибесінен аңғаруға болады. Мысалы, сол ГФР Қылмыстық заңнамасына сай, айыппұл бас бостандығынан айыруға балама жаза ретінде қолданыла алады (Бөлім 1 Тарау 1 §41-де; не § 248b. Көлік құралын тиісті өкілеттіктерсіз пайдалану үшін).

Жоғарыда келтірілген еңбекте бостандығын шектеудің бас бостандығынан айыру жазасынан әлдеқайда жеңіл, жазаның өтелу жағдайына, жазалау элементтерінің мөлшері бойынша ерекшелігін ескеріп, балама жаза ретінде санкциялардан алынып тасталынса, онда қылмыстар үшін қолданатын жаза тізімінде қалған бостандығын шектеу жазасын қандай қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қолданылады, оның қолданылу мүмкіндігі қандай болмақ, деген сауал туындайды. Мысалы, қолданыстағы ҚК-те тек бостандығын шектеу бас бостандығынан айыру жазасының баламасы ретінде 377 жағдайда қолданылады. Авторлар бас бостандығын шектеу мен қоғамдық жұмыстарға тарту жазаларын қылмыс үшін тағайындалатын жазалардың тізімінде ҚР ҚК-нің 40-б. 2-б.-нің 5) п.-де қатар қояды. Бұл жазалар орындалу режимі, табиғаты жағынан ұқсас.

Батыс еуропалық мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларында бостандығын шектеу қауіпсіздік шаралары қатарында қарастырылады. Олардың ерекше де, қатал түрі де құқықтық табиғаты жағынан отандық қылмыстық заңнамадағы бостандықты шектеу жа-

засына өте ұқсас. Бас бостандықты шектеуді орындау пробацациялық қызметке жүктелінеді. Қылмыстық заң сотталған адамға заңды міндеттемелерді міндетті де, ерікті нысанда жүктеуді қарастырады. Аталған міндеттемелерге жүгіну тәртібі пробацациялық режимге, ал енді заңды міндеттердің табиғаты шартты соттауға ұқсайды. Шартты соттауда бұл міндеттер соттың қалауымен жүктелінсе, ал бостандықты шектеуде - тікелей заңнамада көрсетіледі.

Жаза жүйесінің үшінші тобын негізгі, әрі қосымша жазалармен толықтыру жайлы бұл ұсыныс ғалым С.М. Рахметов пен Ф.Р. Ахмеджановтың еңбектерінде кездеседі [24, 37 б.].

Нәтижелер

Қылмыстық жазаның мақсаты ретінде тек қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуды таныған жөн. Сол мақсатқа қол жеткізу құралы - қылмыскерді тәрбиелей отырып, олардың түзелуі болмақ.

Байқап отырғанымыздай, елімізде құқықтық реформалармен белгіленген қылмыстылықпен күресудің біршама жолдары белгілі. Қолданыстағы қылмыстық заңнамада гуманизациялау бағытындағы нормалар, ғалымдардың ұсыныстары да баршылық. Шетел, отандық заңнамаларда қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу үшін белгіленген түрлі жаза жүйесі бар. ҚК-тің Ерекше бөліміндегі әрбір қылмыстық норманың санкциясындағы жазаны дифференциациялау мен дараландыру үшін негізгі жазаның баламасы, не қосымша жаза түрлері, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдету шаралары белгілеген, ауырлататын жағдайлар да қарастырылған. Мұнда, жазаны дифференциациялау мен дараландыру ережесінің сақталынуы заңмен көзделген жазаның мақсатына бет бұруға мүмкіндік жасайды.

Расында да қылмыстық заңнаманы гуманизациялау бағытында қылмыстық норманың санкциясында бас бостандығынан айыру жазасының баламасын қарастырудың маңызы бар, бірақ оның белгілі дәрежеде сыбайластық іс-әрекеттер үшін зор мүмкіндік екендігін

де терістей алмаймыз. Себебі жоғарыда келтірілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайта жасалынуы бұған анық дәлел.

Қылмыстық жаза мақсатына шынайы қол жеткізілуі үшін ең алдымен, халықтың, құқық қорғау органы қызметкерлерінің, билік органдарының құқықтық санасын, құқықтық мәдениетін қалыпқа келтіре отырып, заңға сай қылмыстық істі жүргізуге, үкім тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық атқару қызметін атқаруға дағдыланған жөн.

Қорытынды

Қылмыстық заңнамада жазаның мақсаты ретінде тек қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу көрсетілуі тиіс. Сол қылмыстық жазаға жету үшін қылмыстық-атқару жүйесі қылмыскерлерді тәрбиелеу, түзелуін қамтамасыз етеді.

Заң шығару практикасы мен қылмыстық жауаптылық шараларын қолдану практикасын заңмен белгіленген мақсаттарға сәйкестендіру жолында қылмыскерді, басқа да тұлғаларды жазамен қорқыту алдыңғы орынға шықпағаны жөн. Себебі, сотталған адамның жеке басы мен оның іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ескеріп, әділ жазаны белгілегенде заңда көрсетілгендей тұлғаның түзелуі және қайта қылмыстық жолға түспеуі, сондай-ақ өзгелерге сабақ болуы маңыздырақ.

Жазаның көмегімен сотталған адамның түзелуіне ықпал ету жолдарын қарастыру барысында қылмыстық санкцияда негізгі жазаға балама жаза түрін белгілеу, немесе шетел тәжірибесіне сүйеніп, ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыруды алмастыратын жазаларды қарастыру тиімді.

Сонымен қатар, жаза мақсатына жету үшін қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлерін тиісінше даярлауды күшейту жолымен пенитенциарлық жүйені ретке келтіру мүмкін болар еді деп есептейміз. Ол елімізде азаматтық қоғамды тыңғылықты қалыптастырумен, қылмыстық саясаттың либералдық үрдістерін сақтау, мемлекеттік басқарудың түрлі буындарының қызметтерін жетілдірумен тығыз байланысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Полубинская С.В. Цели уголовного наказания.-М.: Наука, 1990.-142 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ (16.12.2020 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронный ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (дата обращения: 12.07.2021).
- 3 Барков А.В. Цели уголовной ответственности: законотворчество и право применение // Классическая и пост классическая методология развития юридической науки на современном этапе: Сб. науч. тр. /М-во внутр. дел Респ. Беларусь, учреждение образования «Акад. М-ва внутр. дел Респ. Беларусь»- Минск: Акад. МВД, 2012. – С.92-101.
- 4 Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года // <http://Open.NPA.kz> (egov.kz) (accessed: 12.07.2021).
- 5 Беккариа Ч.О. преступлениях и наказаниях. -М.: «Стелс», 1995.-106 с.
- 6 Принс Ад. Защита общества и преобразование уголовного права / пер. с фр. Е. Маркеловой; под ред. и с предисл. Г.С. Фельдштейна. -М.: Кн-во торг. д. «В.И. Знаменский и Ко», 1912. -167 с.
- 7 Александрова В.В. Преступления в сфере экономики: проблемы соотношения и разграничения с гражданскими правонарушениями: Дисс... на соиск. уч. степ. канд. юрид. наук.- М., 2018.-259с.
- 8 Шаргородский М.Д. Наказание по советскому уголовному праву. -М.: Гос. изд-во юрид. лит-ры, 1958. -238 с.
- 9 Ременсон А.И. Теоретические вопросы исполнения лишения свободы и перевоспитания заключенных: Автореф. дис. ...докт. юрид. наук. -Томск, 1965. -25 с.
- 10 Шаргородский М.Д. Наказание: его цели и эффективность.-Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1973.-160 с.
- 11 Чучаев А.И. Наказание в уголовном праве России: Антология идей// Вестник университета имени О.Е. Кутафина (МГЮА).-№7, 2015.- С.51-78.
- 12 Стручков Н.А. Уголовная ответственность и ее реализация в борьбе с преступностью.-Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1978. - 288 с.
- 13 Дуюнов В. К. Уголовно-правовое воздействие: теория и практика.- М.: Научная книга,, 2003.- 520 с.
- 14 Уголовное право Российской Федерации. Общая часть: Учебник для вузов / под ред. В.С. Комиссарова, Н.Е. Крыловой, И.М. Тяжковой. -М.: Статут, 2012. – 879 с.
- 15 №1 нысан. Тіркелген қылмыстар және қылмыстық қудалау органдары қызметінің нәтижелері туралы есеп 2015-2020жж. [Электронный ресурс]. - URL: <http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat> (дата обращения: 12.07.2021)
- 16 Скаков А.Б. Уголовно-исполнительное законодательство Казахстана: современное состояние и перспективы развития// Уголовно-исполнительное право. 2017.- Т. 12(1-4). -№ 3. -С. 230-367.
- 17 Мамырханова М. 12 миллиардов тенге экономии дало закрытие восьми тюрем в Казахстане. Также планируется закрыть еще четыре колонии... [Электронный ресурс]. - URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-04/12-milliardov-tenge-ekonomii-dalo-zakrytie-vosmi-tyurem-v-kazakhstan> (дата обращения: 21.07.2021)
- 18 Чукмаитов Д.С. Некоторые дискуссионные вопросы уголовно-досрочного освобождения // Уголовно-исполнительное право.-Т.15 (1-4). №2.- С.128-133– DOI : 10.33463/2072-2427.2020.15(1-4).2.128-133. [Электронный ресурс]. - URL: <file:///C:/Users/User/Downloads/nekotorye-diskussionnye-voprosy-uslovno-dosrochnogo-osvobozhdeniya.pdf> (дата обращения: 22.07.2021)
- 19 Додонов В.Н. Сравнительное уголовное право. Общая часть. Монография. Под общ. и науч. ред. д.ю.н., профессора, заслуженного деятеля науки РФ С.П. Щербы. - М.,2009. - 448 с.// <https://sci.house/sravnitelnoe-pravovedenie-kniga-scibook/sposobyi-spetsialnoy-kriminalizatsii-31862.html>
- 20 Акимжанов Т.К. Уголовно-правовое воздействие и его роль в предупреждении преступности // Сборник статей по материалам IV Всероссийской научно-практической конференции, Саратов, 30 сентября – 1 октября 2019.- С.6-10
- 21 Байбек Ж.К. Криминологические, уголовно-правовые и социальные проблемы наказаний в Республике Казахстан: Аннотация дисс... на соиск.степ. докт.философии (PhD). -Алматы, 2019. -25 с.
- 22 Головненков П.В. Уголовное уложение Федеративной Республики Германия – Strafgesetzbuch (StGB) – Научно-практический комментарий и перевод текста закона// <https://www.uni-potsdam.de/>

fileadmin/projects/lshellmann/Forschungsstelle_Russisches_Recht/Neuauflage_der_kommentierten_StGB-%C3%9Cbersetzung_von_Pavel_Golovnenkov.pdf

23 Сәрпеков Р.Қ., Рахметов С.М. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазалау жүйесін құру проблемалары// Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал.-№1(68).-2022. –42-50 бб.

24 Заключительный отчет по итогам фундаментального и прикладного научного исследования на 2016-2017 годы по теме: «Проблемы совершенствования законодательства об административных правонарушениях и уголовного законодательства Республики Казахстан (пути устранения нестыковок, пробелов и других недостатков)». [Электронный ресурс]. - URL: http://www.zqai.kz/sites/default/files/fipni-2017_zakl.otchyot_3_yanv._-_na_izdanie.pdf (дата обращения: 21.07.2021).

А.Б. Бижанова, Г.Ж. Османова, К. Турлыханова

*Институт истории и права, Казахский национальный педагогический университет
имени Абая, Алматы, Казахстан*

Об уголовном наказании и его целях

Аннотация. Вопросы уголовного наказания на протяжении многих лет остаются в центре внимания не только практических работников органов уголовного судопроизводства и пенитенциарной системы, ученых, но и общества в целом. Наказание - один из ведущих инструментов государственной уголовной политики, во многом обеспечивающий выполнение задач, возложенных на уголовное законодательство. Именно с помощью наказания осуществляется уголовная ответственность. Эффективность и значимость института наказания заключается в том, что он позволяет назначить справедливое наказание, соответствующее личности виновного, общественной опасности его действий. Только в этом случае уголовное наказание признается правовой мерой принуждения. По сути, широкое распространение в обществе тенденции применения уголовного наказания в практике для устрашения вызывает у многих тревогу.

Автор статьи, исходя из цели наказания, рассматривает некоторые вопросы системы уголовного наказания.

Ключевые слова: уголовное наказание, понятие наказания, цель наказания, система наказания, история института наказания, лишение свободы, штраф.

A. Bizhanova, G.Zh. Osmanova, K. Turlykhanova

Institute of history and law of the Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Criminal punishment and its goals

Abstract. For many years both practitioners of criminal justice bodies and the penitentiary system, and scientists but also of society have been focused on the issues of criminal punishment. Punishment is one of the leading instruments of the state criminal policy, which largely ensures the fulfillment of the tasks assigned to the criminal legislation. Criminal responsibility is carried out with the help of punishment.

The effectiveness and significance of the institution of punishment lie in the fact that it allows you to appoint a fair punishment that corresponds to the personality of the perpetrator, and the public danger of his actions. Only in this case, criminal punishment is recognized as a legal measure of coercion.

In fact, the widespread trend in society of the use of criminal punishment in practice for intimidation causes many alarms.

The author of the article considers some issues of the criminal punishment system proceeding from the purpose of punishment.

Keywords: criminal punishment, the concept of punishment, the purpose of punishment, the history of the institution of punishment, imprisonment, fine.

References

- 1 Polubinskaya S.V. Celi ugolovnoogo nakazaniya [The goals of criminal punishment] (Nauka, Moscow, 1985).
- 2 Ugolovnyj kodeks Respubliki Kazahstan ot 3 iyulya 2014 goda № 226-V KRZ (s izmeneniyami i dopolneniyami na 16.12.2020 g.) [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan No. 226-V of the Kyrgyz Republic on July 3, 2014 (with amendments and additions as of 12/16/2020)]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.
- 3 Barkov A.V. Celi ugolovnoj otvetstvennosti: zakonotvorchestvo i pravo primeneniye [The goals of criminal responsibility: lawmaking and law application], Klassicheskaya i post klassicheskaya metodologiya razvitiya yuridicheskoy nauki na sovremennom etape: Sb. nauch. tr. /Ministerstvo vnutrennih del Respubliki Belarus', uchrezhdenie obrazovaniya «Akad. M-va vnutr. del Resp. Belarus'»- Minsk: Akad. MVD [Ministry of Internal Affairs of the Republic of Belarus, educational institution «Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Belarus. Belarus» - Minsk: Akad. Ministry OF Internal Affairs]. Minsk, 2012. - pp. 92-101.
- 4 Koncepciya pravovoj politiki Respubliki Kazahstan do 2030 goda [The concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan until 2030]. Available at: [http://Open NPA | NPA \(egov.kz\)](http://Open NPA | NPA (egov.kz) (accessed: 12.07.2021)) (accessed: 12.07.2021).
- 5 Beccaria Ch. O prestupleniyah i nakazaniyah [About crimes and punishments] (Stealth, Moscow, 1956).
- 6 Prince Ad. Zashchita obshchestva i preobrazovanie ugolovnoogo prava per. s fr. E. Markelovoj. Pod red. i s predisl. G.S. Fel'dshtejna [Protection of society and the transformation of criminal law translated from the French by E. Markelova. Edited and with a preface by G.S. Feldstein] (Book of torg. d. «V.I. Znamensky and Co», Moscow, 1912).
- 7 Alexandrova V.V. Prestupleniya v sfere ekonomiki: problemy sootnosheniya i razgranicheniya s grazhdanskimi pravonarusheniyami. PhD diss [Crimes in the sphere of economics: problems of correlation and differentiation with civil offenses. PhD thesis]. Moscow, 2018. 259 p.
- 8 Shargorodsky M.D. Nakazanie po sovetskomu ugolovnomu pravu. [Punishment under Soviet criminal law] (Legal literature, Moscow, 1958).
- 9 Remenson A.JI. Teoreticheskie voprosy ispolneniya lisheniya svobody i perevospitaniya zaklyuchennyh. Avtoref. dis. ...dokt. yurid. nauk [Theoretical issues of execution of deprivation of liberty and re-education of prisoners. Abstract of the diss ... doctor of Legal Sciences]. Tomsk, 1965. 25 p.).
- 10 Shargorodskij M.D. Nakazanie: ego celi i effektivnost' [Punishment: its goals and effectiveness] (Publishing house of the Leningr. un-ta, Leningrad, 1973).
- 11 Chuchaev A.I. Nakazanie v ugolovnom prave Rossii: Antologiya idej [Punishment in the criminal law of Russia: An anthology of ideas], Vestnik universiteta imeni O.E. Kutafina (MGYUA) [Bulletin of the O.E. Kutafin University (MGUA)], 7, 51-78 (2015) [in Russian].
- 12 Struchkov N.A. Ugolovnaya otvetstvennost' i ee realizaciya v bor'be s prestupnost'yu Criminal liability and its implementation in the fight against crime (Publishing house of the Saratov University, Saratov, 1978).
- 13 Duyunov V.K. Ugolovno-pravovoe vozdejstvie: teoriya i praktika [Criminal legal impact: theory and practice] (Moscow: Scientific Book, 2003.- 520 p.).
- 14 Edited by V.S. Komissarov, N.E. Krylova, I.M. Tyazhkova. Ugolovnoe pravo Rossijskoj Federacii. Obshchaya chast': Uchebnik dlya vuzov [Criminal law of the Russian Federation. General part: Textbook for universities] (Statute, Moscow, 2012).
- 15 Forma №1. Otchet o zaregistrovannyh prestupleniyah i rezul'tatah deyatel'nosti organov ugolovnoogo presledovaniya za 2015-2020gg. [Form №1. Report on registered crimes and the results of the activities of criminal prosecution bodies for 2015-2020]. Available at: <http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat> (accessed: 12.07.2021).
- 16 Skakov A.B. Ugolovno-ispolnitel'noe zakonodatel'stvo Kazahstana: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya [Criminal enforcement legislation of Kazakhstan: current state and prospects of development], Ugolovno-ispolnitel'noe pravo [Criminal Enforcement law], 3, 230-367 (2017) [in Russian].
- 17 Mamyrkhanova M. 12 milliardov tenge ekonomii dalo zakrytie vos'mi tyurem v Kazahstane. Takzhe planiruetsya zakryt' eshche chetyre kolonii... [12 billion tenge of savings resulted from the closure of eight prisons in Kazakhstan. It is also planned to close four more colonies...]. Available at: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-04/12-milliardov-tenge-ekonomii-dalo-zakrytie-vosmi-tyurem-v-kazahstane> (accessed: 21.07.2021).

18 Chukmaitov D.S. Nekotorye diskussionnye voprosy ugovovno-dosrochnogo osvobozhdeniya release [Some debatable issues of criminal early release], Ugolovno-ispolnitel'noe pravo [Criminal executive law]. 2, 128-133 (2020), doi: 10.33463/2072-2427.2020.15(1-4).2.128-133. Available at: file:// C:/Users/User/Downloads/nekotorye-diskussionnye-voprosy-uslovno-dosrochnogo-osvobozhdeniya.pdf [in Russian]. (accessed: 22.07.2021).

19 Dodonov V.N. Comparative criminal law. The general part [Comparative criminal law. The general part.], Monograph. Under the total. and scientific ed., Doctor of Law, Professor, Honored Worker of Science of the Russian Federation S.P. Shcherba Available at: <https://sci.house/sravnitelnoe-pravovedenie-kniga-scibook/sposobyi-spetsialnoy-kriminalizatsii-31862.html> (accessed: 12.07.2021).

20 Akimzhanov T.K. Ugolovno-pravovoe vozdejstvie i ego rol' v preduprezhdenii prestupnosti [Criminal legal impact and its role in crime prevention], Sbornik stat'ej po materialam IV Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii [Collection of articles based on the materials of the IV All-Russian Scientific and Practical Conference]. Saratov, 2019, pp. 6-10.

21 Bajbek ZH.K. Kriminologicheskie, ugolovno-pravovye i social'nye problemy nakazaniy v Respublike Kazahstan. Annotaciya diss. [Criminological, criminal-legal and social problems of punishments in the Republic of Kazakhstan. Abstract of the PhD thesis]. Almaty, 2019. 25 p.

22 Golovnenkov P.V. Ugolovnoe ulozhenie Federativnoj Respubliki Germaniya – Strafgesetzbuch (StGB) – Nauchno-prakticheskij kommentarij i perevod teksta zakona [Criminal Code of the Federal Republic of Germany – Strafgesetzbuch (StGB) – Scientific and practical commentary and translation of the text of the law]. Available at: http://https://www.uni-potsdam.de/fileadmin/projects/lsh-hellmann/Forschungsstelle_Russisches_Recht/Neuaufgabe_der_kommentierten_StGB-%C3%9Cbersetzung_von_Pavel_Golovnenkov.pdf (accessed: 21.07.2021).

23 Särpekov R.Q., Rahmetov S.M. Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksinde jazalau jüiesin qūru problemalary [Problems of building a system of punishments in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan], Vestnik İnstituta zakonodatelstva i pravovoi informacii Respubliki Kazahstan. Nauchno-pravovoi jurnal [Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and Legal Journal], 1(68), 42-50 (2022) [in Russian].

24 Zaklyuchitel'nyj otchet po itogam fundamental'nogo i prikladnogo nauchnogo issledovaniya na 2016-2017 gody po teme: «Problemy sovershenstvovaniya zakonodatel'stva ob administrativnyh pravonarusheniyah i ugolovnogo zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan (puti ustraneniya nestykovok, probelov i drugih nedostatkov)» [Final report on the results of fundamental and applied scientific research for 2016-2017 on the topic: «Problems of improving the legislation on administrative offenses and criminal legislation of the Republic of Kazakhstan (ways to eliminate inconsistencies, gaps and other shortcomings)»]. Available at: http://www.zqai.kz/sites/default/files/fipni-2017_zakl.otchyot_3_yanv._-_na_izdanie.pdf (accessed: 21.07.2021).

Авторлар туралы мәліметтер:

Бижанова А.Р. – негізгі автор, заң ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық институты «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Алматы қ., Қазақстан. E-mail: Aike_74@mail.ru.

Османова Г.Ж. – құқық ғылымының магистрі, «Тұран» Университетінің докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: gulaina.78@mail.ru

Тұрлыханқызы Қ. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық институты «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru

Bizhanova A. – doctor of law, associate Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Institute of history and law of the Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: Aike_74@mail.ru

Osmanova G.Zh. – master of Laws, doctoral student of the University «Turan», Senior Lecturer KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulaina.78@mail.ru

Turlykhanova K. – Senior lecturer of the Department of «Jurisprudence» of the Institute of History and Law of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru